Соңғы жылдары бюджеттің кіріс бөлігінің өсуі мемлекеттік шығындардың әлеуметтік бағыттылығын кеңейте бастағанын байқауға болады, бұл әрі экономикамыздың өркендеуінің белгісі. 2009 жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша әлеуметтік салаға жұмсалған шығыстың мөлшері 48,0% құраған. Статистикалық мәліметтерден байқап отырғандай, жалпы мемлекеттік бюджет шығысындағы әлеуметтік қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындардың үлесі 2007 жылдан бастап 2008 жылға дейін салыстырмалы түрде төмендеген. 2009 жылы былтырғы жылмен салыстырғанда денсаулық сақтау - 41%, білім беру - 34%, әлеуметтік көмек көрсету бойынша шығыстар 26%-ға өскен. Салық жүйесінің әлеуметтік сипатына баға беру үшін, салықтың әлеуметтік салдарын салмақтаудың тікелей критерийлерінің бірі – халықтың табысындағы салық ауыртпалығының деңгейін қарастырамыз. Халықтың табысының 90 пайызы өндірістік тауарлар мен азық-түлік сатып алуға кететіндігін ескеретін болсақ,

олар төлейтін салықтардың басым бөлігі жанама салықтардан құралады, ал, оны анықтаудың біз үшін мүмкіндігі аз болғандықтан, бюджетке түскен жан басына шаққандағы жанама салықтар және жеке тұлғалар төлейтін салықтардың сомасы мен жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшерін салыстырамыз.

2007 жылдан бастап мемлекеттік бюджеттен бөлінетін әлеуметтік шығындардың жан басына шаққандағы мөлшері олар төлейтін салық сомаларымен салыстырғанда өсе бастаған, бұл әлеуметтік мәселенің мемлекетпен қолға алына бастағандығынан көрініс береді, яғни, салық ауыртпалығы жоғарылаған сайын әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі де соғұрлым жоғарылаған.

Жан басына шаққанда төленген салықтар сомасы (жанама салықтарды қоса алғанда) жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің шамамен 9% құрайды, ал ЖІӨ-дегі жан басына шаққандағы әлеуметтік шығыстардың үлесі 10-11% құрайды. Соңғы жылдары, әсіресе 2007-2009 жылдардың аралығында жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің жоғарылауы салық саясатының да дұрыс жолға қойылғандығынан хабардар етеді.

Салық ауыртпалығын микродеңгейде анықтау әдісінің бірі – азаматтардың төлейтін негізгі салығы – жеке табыс салығының ауыртпалығын есептеу. Бұл көрсеткіш бізге жеке тұлғалардың материалдық жағдайына табыс салығының қаншалықты әсер ететіндігін және одан туындайтын әлеуметтік салдарлардың қандай екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл сәйкесінше аталған салық салудан жағымсыз әлеуметтік салдардың пайда болғанын білдіреді. Оған себеп, бірішіден, халықтың өмір сүру деңгейінің қолданыстағы салық салу жүйесіне сәйкес келмейтіндігі.

Салықтық төлемдердің құрылымын қарайтын болсақ, ол әрбір кәсіпорында әртүрлі. Көбінесе ол, кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты. Бір ғана нәрсе ортақ, яғни, салықтардың басым бөлігін ірі салықтар: корпорациялық табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, әлеуметтік салық береді.

Корпорациялық табыс салығының кәсіпорындар төлеген салықтардағы үлесі тау-кен өндірісінің 50-59 пайызға дейін құрайды, ал, өңдеу өнеркәсібінде соңғы екі жылда 37-41% құраған. Ал, аталған салықтың ең төменгі үлесі ауыл шаруашылығы саласында – 2000 жылдан бастап 5%-дан 8%-ға дейін көтерілген, коммуналды және әлеуметтік қызмет саласында, қонақ үй және мейрамхана, сауда, құрылыс саласында 10-15 пайызды құрайды. Көлік және байланыс, қаржылық қызмет, жылжымайтын мүліктермен операция жасау саласында 20-30% құрайды.

Ал, ең ірі салықтардың бірі қосылған құн салығының салыстырмалы түрдегі жоғары үлесі (50-60%) қызмет көрсету, сауда мен құрылыс саласында. Тау-кен өндірісінде соңғы жылдары 2 пайызға дейін, өңдеу өнеркәсібінде 15%-дан 10%-ға дейін төмендеген. Оған қосылған құн салығы бойынша салық мөлшерлемесінің 16%-дан 15%-ға дейін төмендеуі, салық

салынатын айналымның ең төменгі мөлшерінің 12000-нан 15000 айлық есептік көрсеткішке дейін жоғарылауы сияқты оң өзгерістер өзсептігін тигізді. Әлеуметтік салықтың үлесі салалар арасында 10-20%-ға дейін сараланады. Меншікке салынатын салықтардың үлесі барлық салада бір шамалас 1,5-3 пайызды құрайды.

Байқап отырғанымыздай, ауыл шаруашылығы саласында корпорациялық табыс салығының төмендеуіне салық заңнамасы негізінде оларға берілген жеңілдіктердің әсері бар екені байқалды, ал өндіріс саласында табыс салығы ауыртпалығының жыл сайын өсіп отырғандығы қазіргі жағдайда түйінді мәселенің бірі деуге болады.

Экономикалық шекараның импорттық тауарлар үшін ашылуы отандық тауар өндірушілердің өндіріс көлемінің біртіндеп төмендеп отыруына әкелді. Аталған үрдіске айтарлықтай деңгейде сыртқы экономикалық жағдайлар негіз болды: көптеген кәсіпорындардың тауарлары жаңа геосаясат жағдайында қажетсіз болып қалды, халықтың сұраныс қабілетінің өсуі инфляцияның жоғарылау қарқынымен сәйкес келмейді. Осы аталған себептер салдарынан кәсіпорын өндірістің дамуына ғана емес, сонымен бірге оның қалыпты жағдайда жұмыс жасауына экономикалық тұрғыдан негіз болмады. Егер, айтылғандарға қоса өнеркәсіптік кәсіпорындарға деген салық жүктемесін қосатын болсақ, онда мынандай жағымсыз әлеуметтік үрдістердің: өндірістік кәсіпорындардағы жұмысбастылық деңгейінің төмендеуі, кәсіпорындарда өндіріске салынатын күрделі шығындардың азаюы, жалдамалы жұмыскерлердің жалақысының төмендеуі, әлеуметтік шаралардың жүзеге асырылмауы сияқты келеңсіздікке (жұмысшылардың тұрғын үй жағдайы, әлеуметтік қамсыздандырылуы, материалдық көмектің жасалмауы және т.б.) алып келеді. Бірінші үрдіс нарықтық инфрақұрылымның дамуымен реттеліп отырады: сауда, қызмет көрсету аясы, ал, екіншісі түрлі қаржылық құралдарды (салық сияқты) тиімді пайдалану арқылы реттеледі.

Сондықтан, экономикалық өсудің негізі болып табылатын өндірістік салады шаруашылық жүргізуші субъектілердің табысына салынатын салық мөлшерлемесін 25%-ға дейін төмендетуге негіз бар және одан келетін бюджеттік жетіспеушіліктің орнын еңбек шығынын (өндірістік кәсіпорындарға қарағанда) аз қажет ететін және табыстылығы жоғары қаржы саласы мен сауда саласында қызмет ететін кәсіпорындарға жоғарылату мәселесін қарастыру біздіңше ақылған қонымды және ол тәжірибемізде бар жағдай (1991 жылы қабылданған «ҚР салық жүйесі туралы» заңда сақтандыру ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктердің пайдасына салынатын салық мөлшерлемесі 45-55% болды).

Шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін салық жүйесінің жағымсыз әлеуметтік салдарларының белгісінің бар екендігін білдіреді. Мұндай үрдіс 2005 жылы басқа жылдарға қарағанда анық байқалады. Оның себебі: республикада нақты сектордың әлі де болса кешеу дамуы, көптеген кәсіпорындардың көлеңкелі экономикада қызмет етуі, отандық тауарларға

деген сұраныстың аз және олардың бәсекелестік қабілетінің төмен болуы, айналыстағы кредиттік қаражаттардың үлесінің жоғары болуы мен инфляция деңгейінің өсіп отыруы, заңды тұлғалардың табысына салынатын салықтың және импортталатын тауарлардың бағасына қосылатын жанама салықтардың жоғары болуы.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдайтын болсақ, салық жүйесі мен әлеуметтік сала бір-бірімен тығыз байланысты және қоғамның әлеуметтік проблемалары мемлекет тарапынан басқаруды талап етеді. Сондықтан, мемлекет салық жүйесі шегіндегі өз қолында тұрған барлық ресурстарды, оның мүмкін болатын жағымды және жағымсыз салдарларын ескере отырып, әкімшілікті (оның ішінде салық әкімшілігі) жан-жақты жетілдіре отырып қолданып бағуы тиіс. Осылардың бәрі кешенді түрде, үйлесімді қызмет еткенде салық жүйесінің тигізетін ықпалы, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан ұтымды да жағымды болмақ. Мемлекеттің экономикалық мүддесін қорғау жалған кәсіпорындардың қызметіне жол бермеуді талап етеді.

Резюме

В данной статье рассматривается теория и практика системы налогообложения, а также ее роль на уровне государства. В дальнейшем раскрывается взаимосвязь системы налогов государства с социальной сферой.

Summary

This article is concerned with the theory and practice of the taxation system, as well as its role at the state level. Further disclosed vzaymosvyaz tax system state from the social sphere.

СТАНОВЛЕНИЕ ГОСТИНИЧНЫХ УСЛУГ В КОНТЕКСТЕ ИННОВАЦИОННОЙ ЭКОНОМИКИ

Бекмухамедова Г.К.-

магистрант КазНПУ им.№ Абая, г. Алматы

Маркетинг прошел сложный путь эволюции, характерной чертой которой является глобализация этой концепции, т.е. ее использование в различных сферах человеческой деятельности. Первоначально маркетинг развивался применительно к продаже физически осязаемых товаров. В современных условиях проявляется четкая тенденция к феноменальному расширению сферы услуг и все более интенсивному использованию в ней маркетинга. Под услугами понимается огромное количество разнообразных видов деятельности, работ и занятий. В связи с этим Ф. Котлер отмечает. «Услуга – любое мероприятие, деятельность или выгода, которые одна из

сторон может предложить другой стороне и которые, в основном неосязаемы и не приводят к овладению чем-либо».

Маркетинг услуг – это процесс разработки, продвижения и реализации услуг, ориентированный на выявление и удовлетворение специфических потребностей клиентов. Главная задача маркетинга услуг – помочь клиенту оценить предприятие в его услуги.

Социально-культурный сервис – сложная многокомпонентная система, главная задача которой – обеспечение населения разнообразными услугами. Неотъемлемая часть социально-культурного сервиса – туризм и гостеприимство. В современных условиях туризм и гостеприимство представляют собой уникальное социальное явление: они доступны широким слоям населения, выступают средством оздоровления, обеспечения душевного комфорта людей, особенно необходимым в условиях быстрой урбанизации.

Рассматривая маркетинг как основную рыночную концепцию управления в туризме и гостеприимстве, следует отметить, что туризм по своим основным характеристикам не имеет принципиальных отличий от других отраслей сферы услуг, поэтому, все существенные положения современного маркетинга услуг могут быть в полной мере применены в туризме и гостеприимстве.

Общее, что объединяет различные виды деятельности по оказанию услуг, – это производство таких потребительских ценностей, которые преимущественно не приобретают овеществленной формы. Индустрия гостеприимства – один из секторов этой быстро развивающейся сферы. В соответствии с толковым словарем Уэбстера «индустрия гостеприимства – это сфера предпринимательства, состоящая из таких видов обслуживания, которые опираются на принципы гостеприимства, характеризующиеся щедростью и дружелюбием по отношению к гостям». В связи с этим индустрию гостеприимства можно определить как собирательное наименование многочисленных и разнообразных видов деятельности, связанных с приемом и обслуживанием гостей.

Термин «гость» является основным в индустрии гостеприимства как сферы услуг. Согласно действующим правовым нормам и сложившейся практике индустрии гостеприимства, термин «гость» идентичен более широким понятиям «потребитель» и «клиент».

Маркетинг в индустрии гостеприимства формировался на основе опыта промышленных и торговых компаний, агрегировал в себя достижения общей теории маркетинга и практики его применения. Вместе с тем маркетинг в индустрии гостеприимства имеет ряд особенностей, позволяющих рассматривать его в качестве специфического вида деятельности. Индустрия гостеприимства предоставляет потребителям комплекс услуг, среди которых гостиничное обслуживание занимает центральное место.

С точки зрения бизнеса гостиница – это предприятие по производству и предоставлению услуг, обладающих определенными потребительскими

свойствами и способных удовлетворить потребности клиентов. Гостиничное предприятие состоит из нескольких подразделений, предлагающих услуги размещения, питания, экскурсионного обслуживания, проката автомобилей, химчистки, прачечной, парикмахерской, массажного кабинета, фитнес-центра и т.д. Важнейшим из них являются услуги по размещению и предоставлению питания.

Содержание услуги размещения состоит в том, что, во-первых, гостям предоставляются в пользование специальные помещения (гостиничные номера) и, во-вторых, предоставляются услуги, выполняемые непосредственно персоналом (портье, горничным и т.д.) гостиницы.

Услуги по предоставлению питания состоят из комбинации различных процессов: производственного (приготовление блюд на кухне), торгового (продажа готовых к употреблению продуктов, алкогольных и безалкогольных напитков), сервисного (обслуживание гостей официантами в ресторане, кафе, гостиничных номерах). Характер и предоставления услуга гостиничном предприятии имеет многоотраслевое происхождение как по способу производства, средствам материально-технического обеспечения, так и по характеру потребления. Поэтому задача соединения отдельных услуг в комплексную услугу (гостиничный продукт), ориентированную на потребителей с различными предпочтениями платежеспособностью, предполагает применение специальных приемов маркетинга в соответствии с классической формулой рынка: «Единственная подлинная цель бизнеса – создавать потребителя».

Специфика маркетинга в индустрии гостеприимства во многом определяется тем, что она предлагает на рынок услуги – особый вид товара, обладающего рядом особенностей. Так, гостиничным услугам присущи, в первую очередь, общие характеристики услуг, которые в значительной степени влияют на реализацию концепции.

Индустрия туризма гостеприимства занимает важное место в экономике многих стран мира. На долю туризма приходится 6% мирового национального продукта, 7% всех мировых инвестиций и около 11% всех мировых потребительских расходов. Многие страны считают туризм важнейшей отраслью национального хозяйства. К примеру, такая страна, как Испания, покрывает расходы на импорт энергоносителей за счет доходов от туризма. Постоянно увеличивается количество людей, вовлеченных в туризм и путешествия. По данным Всемирной туристской организации (ВТО) и международного валютного фонда, туризм с 1998 г. Вышел на первое место в мировом экспорте товаров и услуг. Сегодня это же более 530 млрд. долларов США. Доля туризма в мировом экспорте выше, чем доля автомобилестроения, химической промышленности, производство продуктов питания и ряда других жизненно важных отраслей. Туризм – «локомотив развития», и он движется вперед темпами, заметно превышающими темп роста мировой экономики в целом. По прогнозам ВТО, число туристов в 2010 г. Достигнет 1 млрд. человек. Одновременно с ростом общего числа

туристов значительное развитие получила инфраструктура туризма и ее главный компонент – гостиничный бизнес.

В целом гостиничный бизнес как часть индустрии гостеприимства в значительной степени зависит от уровня экономической стабильности в обществе. В Российской Федерации интерес к туризму и гостиничному бизнесу растет год от года. На фоне экономических кризисов последних лет туризм является одной из немногих динамично развивающихся отраслей национальной экономики. Однако рынок туризма не существует не независимо от государства, государство и общество в значительной степени определяют вектор развития отрасли. В связи с этим главными задачами государства в современных условиях являются разработка единой и эффективной стратегии туристской деятельности в стране, ее правовое и хозяйственное регулирование, оказание содействия предприятиям туризма и гостиничного бизнеса в развитии и совершенствовании их деятельности.

В настоящее время практически все предприятия туризма и большая часть предприятий гостиничного хозяйства приватизированы, и борьба за выживание и развитие своего бизнеса становится повседневной заботой всех участников рынка туристских и гостиничных услуг. Особенно остро эта проблема стоит перед малыми предприятиями, имеющими весьма ограниченные финансовые ресурсы. В этой связи значительно повышается роль научного подхода к организации туристской и гостиничной деятельности. Современный специалист, работающий в этой отрасли, должен обладать серьезными и фундаментальными знаниями в области маркетинга, менеджмента и экономики современного туристского и гостиничного бизнеса. Он должен хорошо представлять себе структуру сложной и многофункциональной индустрии гостеприимства, основные цели и виды деятельности в этой сфере, поскольку гостеприимство объединяет в себе ряд различных и на первый взгляд не связанных между собой секторов современного хозяйства, которые в конечном итоге выполняют единую задачу - удовлетворение потребностей людей в отдыхе и восстановлении сил.

Түйін

Бұл мақалада қонақ жайлық индустриясындағы маркетингтің қалыптасуы сипатталған. Сонымен қатар қонақ ұй және туристік қызметті ұйымдастыру тенденциясының жоғарлауы қарастырылған.

Summary

This article discusses the formation of marketing in the hospitality industry. And also consider the organization and increasing trends of hotel and tourist services.

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

Г.С. Онтаева –

Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Табыс салығы – ежелгі және классикалық салық түрлерінің бірі. Ол ХІХ және ХХ ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде негізгі таралымын алады.

Қазақстан Республикасында табыс салығы «Қазақ КСР азаматтарынан, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардан табыс салығы» туралы заңымен 1991 жылдың ақпан айынан бастап енгізілді. Заңды тұлғалар табыс салығына 1994 жылдан бастап 2001 аралығында төледі. 2002 жылдан бастап табыс салығы корпорациялық табыс салығы деп аталатын болды. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 19-бабында көрсетілгендей, бұрынғы табыс салығына қарағанда корпоративтік табыс салығының шегеру және төлеу мерзімі басқаша, салық табысқа салынады, бірақ корпоративті. Біздің көзқарасымыз бойынша жаңа енгізулерге анықтылық енгізу қажет, маңыздылығын анықтап, оны қолданудан кейін не өзгертетінін байқау қажет. Корпоративтік табыс салығы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл салықтық реттеудің негізгі құралы, қанша дегенмен әрбір кәсіпкерлік қызметтің басты мақсаты – таза пайда алу, ол жалпы жиынтық табыстан мемлекетке табыстан төленетін барлық шегерімдер мен салықтарды алып тастағанға тең.

Корпоративтік табыс салығында қамтылған реттеушілік бастамалар экономикалық және әлеуметтік эффектіге жету мақсатында салық төлеушілерге берілетін түрлі жеңілдіктерді және санкцияларды манипуляция жасау үшін қажет. Корпоративтік табыс салығының функциялары әртүрлі. Ол мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің негізгі көзі; қаржылық пропорциялардың және жиналу процестерінің, экономикалық өсу ырғақтарының реттеушісі; кәсіпкерлік қызметті экономикалық ынталандырудың тетігі; басқару құралы; шаруашылықтың экономикалық шарттарын түзетудің нақты формасы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары ішінде табысқа салық салудың үш схемасын пайдаланды. 1994 жылдың ақпанына дейін Қазақстанда салық салу ретінде пайда және кіріс болды. 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап 2001 жылдың аяғына дейін салық салу объектісі ретінде, салық салынатын табыстан табыс салығы, 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық салынатын табыстан корпоративтік табыс салығы қолданылды, осылайша, салық салу жүйесінде экономикасы дамыған елдердің тәжірибесімен тексерілген жаңа категория - корпоративтік табыс салығы (КТС) пайда болды.

Корпоративтік табыс салығының салу объектілеріне мыналар жатады:

- Салық салынатын табыс;
- Төлем көзіне салынатын табыс;
- Резидент емес заңды тұлғаның таза табысы.

Корпоративтік табыс салығын төлеушілерге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар жатады. Арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығын патент немесе бір реттік талонның жалпы сомасында төлейді. Бұл жерде біздің назарымыз корпоративтік табыс салығын төлейтін заңды тұлғаларға бағытталады. Салық кодексімен ұсынылған есептеу механизмі бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$KTC = CCT * \text{ставка} : 100 \quad (1)$$

Мұнда, КТС - корпоративтік табыс салығы
CCT –салық салынатын табыс

Қазіргі таңда заңды тұлғалардың қызметінің орнына және түріне байланысты ставкалар Салық кодексі бойынша мына тәртіппен орнатылған:

1. Заңды тұлғалар үшін жалпы норма 17,5 пайыздық мөлшерде бекітілген.

2. Негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын салық төлеушінің салық салынатын табысы 10 пайыздық ставка бойынша салық салуға жатады.

3. Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын табыстарын қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын табыстар төлем көзінен 10 пайыздық ставка бойынша салық салуға жатады.

4. Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы корпоративтік табыс салығына қоса салық Салық кодексінің 199-бабында көрсетіледі:

- Резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін таза табысына 15 пайыздық ставка бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

- Таза табысқа корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда көрсетіледі.

Салық есебінде 1 формуладан салық салынатын табыстың шамасын нақты және шынайы есептеу маңызды. Бұл шама тек салық есебінің мәліметтері негізінде жылдық жиынтық табыс (ЖЖТ) пен шегерімдер (Ш) арасындағы айырма ретінде есептелінуі тиіс. Осыдан келесі формула шығады:

$$CCT = ЖЖТ - Ш \quad (2)$$

Осылайша, кәсіпорындағы салық есебі есепті жыл ішінде жылдық жиынтық табыс пен шегерімдер туралы шынайы ақпаратты жинап, көрсетуі қажет. Корпоративтік табыс салығы бойынша соманы анықтау үшін

компания жылдық жиынтық табысты анықтап, одан салық заңнамасымен қарастырылған барлық шегерімдерді есептей отырып, КТС салынатын табысты бекітеді. Кейіннен 17,5% КТС салынатын сома анықталады, осылайша КТС анықталады. Жылдық жиынтық табыс салық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде алынатын табыстардан құралады. Табысты алу дербес қаржыландыру үшін қаржылық базасын құрады және кәсіпорынның тиімді шаруашылық қызметінің міндетті шарты болып табылады. Бұл қағида өнімін өндіру шығындарын толық жауып, өндірістік-техникалық базаның кеңеюіне мүмкіндік беру түсіндіріледі. Бұл әрбір кәсіпорын ағымды және капиталды шығындарын өзінің көздері арқылы жабатынын, сондай-ақ бюджет, банк және т.б. кәсіпорындар мен ұйымдар алдында өз міндеттерін орындайтынын білдіреді.

Салық кодексінде көрсетілгендей жылдық жиынтық табысқа енгізілетін табыстар:

1. Жылдық жиынтық табысқа салық төлеуші табыстарының барлық түрлерін Салық Кодексінің 4 бөлімінің 85-бабынан толық көре аламыз.

2. Егер табыстардың бірнеше баптарында бір және сол табыстар көрсетілуі мүмкін болатын жағдайда, көрсетілген табыстар жылдық жиынтық табысқа бір рет енгізіледі.

Табыстың қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес танылу күнінен ерекшеленетін жағдайда, көрсетілген табыс салық салу мақсатына орай бір рет есепке алынады.

Бұл ретте салық салу мақсатына орай табыстың танылу күні Салық кодексінің ережелеріне сәйкес айқындалады.

3. Егер сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеушіге мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актімен мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе пайда алушы салық міндеттемесін орындау жүктелсе, мүлікті сенімгерлікпен басқарту шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының табыстары осы бөлімнің мақсатында осы салық төлеушінің жылдық жиынтық табысына қосылады.

4. Салық төлеушінің осы кодекстің сәйкес келесідей жағдайларда табыстарын түзетуге құқығы бар 131 және 132-баптарына сәйкес табыстарын түзетуге құқығы бар.

Жалпы жиынтық табысты алу үшін қолданылатын тіркелген активтер, негізгі құралдар және материалдық емес активтер бойынша шегерімдер салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескеріледі. Тіркелген активтердің құны негізгі құралдар объектілерінің физикалық және моральдық тозу сипаттамасы нормасының есебімен негізгі құралдар және МЕА-ң тозу құнын білдіретін амортизациялық аударымдар ретінде шегерімге жатады. Амортизациялық аударымдардың сомасы пайдалы және нормативті қызмет

мерзімі бухгалтерлік есепте қолданылады, салық есебінде нормативті қызмет мерзімі қолданылады, өйткені амортизация белгілі бір шекті нормалар бойынша орнатылады. Бухгалтерлік есеп туралы заңнамада амортизация әдістерінің бірнеше түрі қарастырылған: құнын бірқалыпты (түзу сызықты) есептен шығару, жасалынған жұмыс көлеміне пропорционалды (өндірістік), жеделдетілген әдіс: қалдықты әдіс, кумулятивті әдіс. Негізгі құралдың әр бір түріне жыл ішінде кәсіпорынның есеп саясатында қабылданған амортизациялық есептеудің 1 әдісі қолданылады. Салық төлеушілер нормаларды шекті нормалардан аспай өздігінше қолдануға құқығы бар. Әрбір топ бойынша аударым салық салынатын жылдың соңына топтың құндық балансының амортизация нормасын қолдану арқылы есептелінеді. Жер, өнім беретін малдар, мұражай құндылықтары, ескерткіш архитектурасы мен өнері, құны салық салынатын табысты анықтау кезінде толық шегерілетін мүлік, және т.б. амортизацияға жатпайды. Қаржы есептілігінде негізгі құралдар және МЕА бастапқы құны және қалдық құны бойынша бағаланады. Салық салынатын жылдың соңына тіркелген активтердің құндық балансы келесі схема бойынша анықталады: есепті кезең барысында келіп түскен тіркелген активтер минус есепті кезең басындағы есептен шыққан тіркелген активтер. Тіркелген активтерге кеткен жөндеу шығындары негізгі құралдардың құнын көбейтеді. Дегенмен жөндеуге апарылған негізгі құралдардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру және өндірістік қуатын жақсарту мақсатында кеткен нақты шығындарды шегеруге рұқсат етілген. Салық заңнамасына сәйкес негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығындар сомасы толық көлемде шегерілмейді, тек салық жылының соңына жасалынған құндық баланстың 15% көлеміне алынады. Салық салынатын табысты анықтау барысында кейбір шығындар тобы шегерімдерге жатпайды. Оларды Салық Кодексінің 4 бөлімінің 115-бабынан көре аламыз.

Жалпы жиынтық табыс туралы ақпарат ағымдық қаржылық есепке және есеп регистрінде мына шоттар бойынша қалыптасады: 6010 – «Тауарды өткізуден және қызмет көрсетуден», 6030 - «Баға және сату жеңілдіктері». 2007 жылдың 1 қаңтарынан қолданылып келе жатқан жаңа шот жоспарын қолдануға дейінгі негізгі және негізгі емес қызметтен түсетін табыс орнына 6110 – «сыйақы бойынша табыс»; 6120 – «дивидендтер бойынша табыс»; 6140 – «жылжымайтын мүлік пен инвестициялардан түскен табыс» 6160 – «басқа қаржыландырудан түскен табыстар» шоттар тобы ескеріледі. «Басқа да табыстар» бөлімінде 6210,6240, 6250, 6260 және 5410 «Ағымдағы жылдың пайдасы (залал)» шоттар тобы қарастырылған. Салық салынатын табыс сомасын анықтау үшін және оның есептілік жылға Жалпы жиынтық табыс туралы Декларациясында көрініс табуы үшін салық төлеуші-кәсіпорыны жылдық жиынтық табыстың салық есебін ұйымдастыру қажет.

Жиналған бухгалтерлік мәліметтеріңіз, жыл ішінде жылдық жиынтық табыс есебі тізімдеме, 6010 «Дайын өнімді өткізуден түскен табыс»; тауарды (қызметтерді, жұмыстарды) өткізуден түскен табыстар бойынша құрама тізімдеме, «Жылдық жиынтық табыс және өндірістік шегерімдер туралы

Декларацияның» 1-қатары; «Қаржыландырудан түскен табыс» 6110, 6120,6140,6160 шоттары бойынша жылдық жиынтық табыстың есебі тізімдемесі сияқты салық есебінің регистрлерінсіз құжаттардың бұл көптеген нысандарын толтыру қиын. Бұл тізімдемелер кепілдемелік сипаттаманың, нысанын және мазмұнын қамтиды, олардың еркін атаулары әр түрлі болуы мүмкін, сол үшін кәсіпорынның есеп және салық саясатында салық есебінің тізімдеменің нысан түрлерін жүргізу қажет. Осылайша кәсіпорынның бухгалтериясында бухгалтерлік (қаржылық) есеппен параллельді түрде жеке есеп регистрінде салық есебі жүргізілуі қажет.

Салық төлеушінің төлейтін корпоративтік табыс салығының мөлшері қаржы есептілігінің мәліметтерінде көрініс табады және салық салынатын базаның қаншалықты дұрыс анықталуына байланысты. Бухгалтерлік есеп және салық есебіндегі қолданыстағы табыс көлемін анықтау әдісі салық және қаржы есептілігінің ерекшелігіне алып келеді. Салыстыру үшін салық салынатын және бухгалтерлік табысты алайық. Бухгалтерлік есепте табыс салықты төлегенге дейінгі таза табыс сомасы ретінде немесе есеп кезеңі ішіндегі залал ретінде анықталады. Салық есебінде табыс салық жыл ішінде Салық кодексіне сәйкес ЖЖТ пен тұрақты және мерзімді айырмаларды жөндеу есебімен бекітілген шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептелетін табыс сомасымен анықталады. Бухгалтерлік және салықтық табысты қалыптастыру барысында белгілі бір айырмашылық болады. Осылайша бухгалтерлік есепте табыс кәсіпорынның есеп саясатына және бухгалтерлік есептің түрлі әдістерін және тіркелген активтердің бағалануын қарастыратын бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес қалыптастырылады, ал салық есебі салық есебін бағалаудың жүргізу тәртібінің түп нұсқалары жоқ, олар Қазақстан Республикасының салық кодексіне сәйкес қалыптасады.

Салық заңнамасының талаптары бухгалтерлік есеп талаптарынан ерекшеленеді, нәтижесінде бухгалтерлік (қаржылық) табыс пен салық салынатын табысты анықтау барысында айырмашылықтар туындайды. Негізінен бұл айырмалар мерзімді және тұрақты болады. Тұрақты айырмалар салық заңнамасында белгілі бір шығындар тобының шегерімдерге жатқызылуына тиым салынған кезде немесе бірқатар табыстар салық салынатын табыс құрамына енгізілмеген жағдайда туындайды. Тұрақты айырмалар жылдық қаржылық есептілігіне қосымша түсіндірме хатта ашылады. Мерзімді айырмалар бір кезеңде пайда болады. Мерзімді айырмалар бір кезеңде пайда болады және бір немесе бірнеше алдыңғы кезеңдерге жойылады.

Кез-келген салық жүйесінде табысқа салықтың салынуы салық жүйесінің өзінің функциялануының нақты кезеңінде тікелей немесе жанама салықтың салынуына бейімделуі тәуелсіз салық жүйесінде маңызды орын алады. Қазақстан Республикасының бюджетіне корпоративтік табыс салығынан түсетін түсімдердің жеке мөлшері тұрақты прогрессивті өсу тенденциясына ие және бюджетке түсетін түсімдер арасында орын алады.

Корпоративтік табыс салығының ставкасы 20%-дан 17,5% жоспарлағандай 2010 жылы Қазақстан Республикасының үкіметімен төмендетпеу шешімі кейінге қалдырылды, яғни корпоративтік табыс салығы 2010 жылы ставкасы өзгермейді.

Корпоративтік табыс салығының ставкасын төмендету процесі 2009 жылдан бастап, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңына сай 30%-дан 201%-ға төмендетілген еді. Дегенмен, 2010-2011 жылдар аралығында жоспарлағандай 17,5% және 15%-ға дейін деңгейлетіп төмендету ставкасы сәйкесінше уақытша тоқтатылды.

Бұл уақытқа тоқтатылым, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Бахыт Сұлтановтың айтуынша, «Ұлттық қордан трансферттік мақсатта тартудан бас тартып, активтерді жинақтау саясатын жалғастыру» байланысты. Сол мақсатта корпоративтік табыс салығының көлемі 2010-2012 жылдар аралығында 20% деңгейінде сақталады.

Министрдің айтуынша, корпоративтік табыс салығы республиканың бюджетіне 50,3% аударылатындықтан негізгі көзі болып табылады. Ал қосылған құн салығы 34% құрайды.

2010 жылы корпоративтік табыс салығы, министр Бахыт Сұлтановтың айтуынша, 828,3 млрд. тг. Сомасына есептелген еді, ал 2009 жылы республикалық валютаның бағалауына байланысты 214,3 млрд. тг. асып түсті. Оның ішіндегі 91,4 млрд. теңге әлі төленбеген өткен жылдағы корпоративтік табыс салығының өту сомасын құрайды. Б. Сұлтановтың айтуынша, бұл салық төлеушілердің «корпоративтік табыс салығын жылына бір рет 31 наурызға дейін төленетін төлемдер құрайды».

Экономика және бюджеттік жоспарлау Вице-министрі Тимур Сулейменовтың айтуынша, корпоративтік табыс салығының ставкасының ұзартылуы «әлеуметтік жеңілдіктер, зейнетақының көтерілуі, еңбекақы, әлеуметтік төлемдер» арқылы қамтамасыз етуімен байланысты.

Елдің Салық кодексінің пунктінде мәнді өзгерістер байқалды. Соның ішінде шағын және орта бизнестер үшін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді төлеу міндеттері қысқартылды және де шығындарды реттеу үштен он жылға дейін ұзартылды. Салықтық кезең және салықтық декларация.

Көптеген салықтарды есептеу және төлеудің негізі болып табылатын негізгі құжаттар нысаны мен тәртібі Салық комитетімен белгіленетін Декларация болып табылады.

Декларация бойынша салық төлеу өзара салық негізінде жүргізіледі, өйткені салық төлеуші өз санасымен салық салынатын базамен салық сомасы мөлшерін есептейді.

Корпоративтік табыс салығы бойынша есептілікпен қамтамасыз ету үшін салық заңнамасымен, мемлекеттік табыстар министрлігімен бекітілген салық заңнамасымен, мемлекеттік табыстар министрлігімен бекітілген салық есептілігін құрудың нысаны мен ережесі 100.00 қарастырылған (ҚР СК 01.01.2009 жылы өзгертілген). Салық есептілігін рационалды және тиімді

толтыру және ұсыну үшін кәсіпорын өткізу Кітабын және сатып алу Кітабын жүргізу қажет, осы кітаптар негізінде компания шынайы және сапалы салық есептілігін дайындай алатын еді.

Корпоративтік табыс салығы бойынша Декларация 100.00 нысанды Декларацияға 42 қосымшадан тұрады, оған қосымша кейбір қосымшаларды толық көлемде ашу үшін 75 аса қосымша нысандар ұсынылған. Дегенмен корпоративтік табыс салығы бойынша Декларацияға қолданылатын барлық қосымшалар мен қосымша нысандарды қолдану міндетті емес, өйткені олардың көбісі экономиканың осы не болмаса басқа саласына арналған арнайы сипаттамаға ие. Осылайша салық төлеушілер салық есебіндегі заңсыздыққа жол бермес үшін салық органдарына шын мәнінде қажетті қосымшалар мен оларға қосымша нысандарды толтырып, тапсырады. 100-нысан есептік кезең үшін салықтық міндеттемені заңды тұлғаның есептеуіне арналған.

100-нысан бойынша Декларация барлық заңды тұлғалармен салықтық тіркелген жері бойынша меншік нысанына, қызмет түріне салық жылында салық салынуға тиісті табысы барына немесе жоқтығына қарамастан ұсынылады. Алайда, бұл нысандарды тапсыруға міндетті нысандар ретінде бөліп қарастыруға басқа нысандар салық декларациясында көрініс табатын, кәсіпорынның белгілі бір экономикалық қызметін жүргізу барысында қолданатынын ескеру қажет. Салық есептілігін КТС бойынша зерттей отырып, біз нысандардың көпшілігі ірі салық төлеушілермен (Ірі салық төлеушілердің Республикалық мониторингі) ұсынылатын салық есептілігінің шынайылық аймағындағы салық органдарының қорытынды функциясымен байланысты деген қорытындыға келдік. Осылайша корпоративтік табыс салығы бойынша Декларациямен қоса міндетті түрде берілген көрсеткіштерді 100.00 форма түрінде ашып көрсететін қосымша, ал толық ашып көрсету үшін қосымшада көрсетілген барлық қорытынды сомалар келтірілген қосымша нысандар қолданылады.

Қазақстан Республикасының Салық заңында арнаулы салықтық тәртіп қолданылатын заңды тұлғаларды корпоративтік табыс салығы бойынша Декларациясы жылдың 31-наурызынан кеш қалдырылмай беріледі. Егер Декларацияның беру мерзімі демалыс немесе мерекелік күнге келсе, онда Декларация келесі жұмыс күні тапсырылады.

Қорыта келгенде еліміздің бюджетіне келіп түсетін, ең маңызды салық Корпоративтік табыс салығының өзгерістерін байқауымызға болады. Жылдан жылға тапсырылатын есептеменің толтыру нысандары жеңілдету жолдарын жетілдіріп жатыр.

1. Налоговый Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (изменен 01.01.2009 г.)

2. Бухгалтерский и налоговый учет в Казахстане / Корпоративный подоходный налог // БИКО. – 2009. - №4.

3. Жақыпбеков Д.С. *Салық есептілігі және оның ішкі аудитін жетілдіру жолдары.* –Алматы, 2009.

Резюме

В данной статье рассматривается один из важнейших видов налога, являющийся основным источником дохода в бюджет (корпоративный подоходный налог). В дальнейшем раскрывается, в какой форме заполняется вышеуказанный налог и причина о временном приостановлении поэтапного снижения.

Summary

One of major types of tax is examined in this article, being the basic source of profit in a budget, corporate income-tax. In future opens up in what form a foregoing tax and reasons is filled about the temporal stopping of stage-by-stage decline.

ҚАЗІРГІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Адилъбекова Г. –

Абай атындағы ҰазҰПУ магистранты

Қазіргі әлемдік нарық тауарлар мен қызмет көрсетудің шексіз түрлерін тұтынушылар мен өтдірушілерге үлкен мүмкіндіктер береді. Оның ең динамикалық және перспективалық секторы ретінде дербес компьютерлер мен бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады. Соның ішінде, Шығыс Еуропа мен ТМД елдерінің нарықтық қарым қатынасқа өткен кәсіпорындары компьютерлік техника мен бағдарламаларын жабдықтаушылар үшін және компьютерленген бухгалтерлік есепті енгізу және дамытуды қамтамасыз ететін кәсіби мамандар үшін зор мүмкіндіктер ашады. Жаңа технологияларды енгізу, әрдайым жаңа жолдарды іздеу және өндіріс пен басқарудың тиісді әдістерінің икемделуі – сәтті кәсіпкерліктің негізі болып табылады. Осындай бір әдістерінің біріне компьютерленген бухгалтерлік есеп жатады. Оны қазіргі заманғы бизнесті жүргізудің жан-жақты құралы деп атайды; кейбіреулері бухгалтерия үшін құтқару құралы деп санайды.

Жақсы бухгалтерлік жүйесі масштабқа әсер етпейді, программалық-аппарат платформалары және сапалы есепті өткізу бағасы ыңғайлы және сенімді болуы керек. Функциялық аспектіде бухгалтерлік жүйеде қатесіз арифметикалық есептерді шығару керек; дайындық жүргізу, толтыру, алғашқы және соңғы құжаттарды айналымда тексеріп, басып шағару; қатесіз мәліметтерді бір басқыштан екінші басқышқа өткізу; қорытынды толтыру

және пайыздық санау қиындық нәтижесін шығару; өткен кезеңдердегі берілгендердің есеп беру берілістерін айналуын қамтамасыздандыру (архивке енгізу).

Көрсетілген талаптарды қамтамасыздандыру үшін, мекемеде жүйе бірлік базасының берілген бухгалтерлік есеп және архивтік заттар түрінде болу керек, әр түрлі мағлұматтар пайдаланушының сұранысы бойынша жеңіл алынуы қажет.

Құжаттардың көп мөлшерде жасалуы өндіріс пен басқарудың барлық процестерін компьютерлеуді қажет етеді. Мәселен, жыл сайын тек АҚШ – тың өзінде ғана 1,3 трлн. құжат жасалады, бірақ олардың 5%-ы ғана қағаз түрінде сақталады. Бухгалтерлік есепті компьютерлеудің ең озық жетістіктерін пайдану әр түрлі версиялар мен бағдарламалық өнімдерді қолданумен тығыз байланысты.

Қатты магнитті дисктегі оперативті және сыртқы жадының үлкен сыйымдылығы бар, бастапқы құжаттар мен есеп тіркелімдерін қалыптастыру қызметтерін орындауға бағытталған ақпаратты енгізу мен алудың сыртқы құрылғыларын кең таңдауына ие, тез жүзеге асатын операциялық жүйелердің пайда болуы бухгалтерлік мәселелерді машиналық өңдеудің ұйымдастырылуына жаңашыл көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты бір бағдарламалық жұмыс режимін қолданатын бухгалтерлік есепті орталықтандырылған өңдеу бухгалтердің жұмыс орнында Персоналды Электронды Есептеуіш Машинаны (ПЭЕМ) орналастыруды көздейтін орталықтандырылмаған өңдеумен алмастырылады. Бұл компьютерлеуді ұсақ және орташа кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп пен есеп берудің тіркелімдерін құруда және неғұрлым жоғары дәрежелі жеке есеп мәселерін шешуде қолдануға мүмкіндік береді.

Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру екі жүйеге бөлінеді: *механикаландырылған және автоматтандырылған*. **Біріншіге** электронды-механикалық перфорациялық машиналарды қолдану және ірі кәсіпорындарда машина есептеуіш станцияларды ұйымдастыру тән. Есеп ақпаратын өңдеу тіптік бағдарламалар негізінде есептеудің кестелік – перфокарталық жүйесі көмегімен жүргізіледі.

Екіншіге автоматтандырылған жүйеге көшумен байланысты (70-ж. басы), ол экономика саласындағы міндеттерді шешуге бейімделген ЭЕМ-ның пайда болуымен сипатталады. Сонымен қатар, автоматтандырудың бұл кезеңі машина мен пайдаланушының өзара әсерлесудің және ЭЕМ-ның жұмыс режимінің нысанына байланысты дамудың бірнеше кезеңін қамтиды.

Есеп міндеттерін өңдеудің бағдарламалық қамсыздандырудың тарихын сипаттай отырып, біздің елімізді қоса посткеңестік кеңістікте де бухгалтерлік бағдарламалар нарығының дамуының 3 сатысын көрсетуге болады.

1-саты – 80 ж. басы. Бұл кезде дербес компьютерлердің кейбір бағдарламалардың үлкен ЭЕМ-нан көшірулерімен және «өз қолымен жасалған бағдарламалардың» құрылуымен қатар жүрді.

2-саты – 90 ж. басы және коммерциялық құрылымдар желісінің өсуімен қатар келетін қарапайым бухгалтерияны жүргізу үшін бағдарламалық өнімдерді жасау қажеттілігінің пайда болуы.

3-саты – 90 ж. соңы, жеңілдетілген есептен кәсіби, оның ішінде басқару есебіне өсумен байланысты.

Бұл салада Ресей елеулі нәтижелерге жетті, себебі қазіргі ресейлік жетілдірулер талдамалық процедураларды ұйымдастырумен, бірнеше шоттар жоспарларымен жұмыс істеуге, статистикалық ақпаратты жинақтаумен байланысты есептеулерген бағытталған және т.б. Ең танымал бағдарламаларға «Турбо – бухгалтер», «БЭСТ», «Паритет Софт», «Инфин», «Парус», «Атлант Информ» фирмаларының бағдарламалық өнімдері сәтті болып саналады.

Компьютерлерде қолданылатын бағдарламалар 4 сыныпқа бөлінеді:

1. Жүйелік - көптеген қосымша басқару және есеп міндеттерін қолдану үшін жасалған әмбебап бағдарлама. Олар қолданбалы бағдарламалардың кепілденген жұмысын қамтамасыз етеді, операциялық жүйелер көмегімен пайдаланушылармен сұхбат режимін жүзеге асырады және қолданбалы бағдарламаларды іске қосады.

2. Қолданбалы – әмбебап бағдарламалар ретінде (1С, «Инфо - бухгалтер», «Турбо – бухгалтер»)тқұрылады және параметрлік баптаудың механизмі бар шешімдердің тұрақты мөлшерімен («Инфософт», «Галактика», «Парус») жасалады, олар келесі 6 сыныпқа жіктеледі:

- мини-бухгалтерия – есептің шығын аясын қолданатын кәсіпорындар үшін;

- бухгалтерлік есептің интеграцияланған жүйесі – кеңейтілген аналитикалық есептің ақпаратын өңдеу үшін;

- аспапты жүйе (конструктор) – мамандандырылған, конструкторларды жүзеге асыруға қабілетті персонал үшін;

- автоматтандырылған жұмыс орындарының (АЖР) кешені – есептің белгіленген аймақтары бар кәсіпорын бухгалтериялары үшін;

- есептің жеке аймақтарын жүргізуге арналған бағдарламалар – «АЖР кешені» сыныпты бағдарламалардың басқа түрлерінің есеп міндеттерін шешу үшін;

- тапсырыстық жүйелер – тапсырыс берушілер үшін, сондықтан тартылмайды.

3. Аспапты – бағдарламалау техникасын игерген және өз кәсіпорнында өзіндік бухгалтерлік есеп бағдарламасын жасай алатын жоғары білікті бухгалтерлер үшін:

4. Аралас – жоғарыда аталған барлық белгілерге ие.

Есеп міндеттері кешенінің ақпараттық байланыстары машиналық бағдарламалар негізінде енгізілген үш өңдеу кезеңін қамтуға мүмкіндік береді.

1-кезең – бастапқы есепті ұйымдастыру және бастапқы бухгалтерлік құжаттарды жасау – яғни бастапқы ақпарат өңдей және есептің әр учаскесі бойынша аналитикалық есептің тізімдемелерін құру;

2-кезең – өткізбелерді жасау және оларды аналитикалық және синтетикалық есептің түрлі тіркемелеріне орналастыру – яғни әрбір есеп учаскесі бойынша және шешім қабылдауды қалыптастырумен байланысты барлық процестерді автоматтандыру;

3-кезең – біріктіруші синтетикалық есепті жүзеге асыру – «Өткізбе – Бас кітап – баланс» машиналық бағдарламаның негізгі модулі көмегімен Бас кітап, баланс және қаржылық есеп беру нысандары бойынша айналым сальдолық тізімдемелерді компьютерлік өңдеу.

